ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

№ 09 (1314) 26-қараша, 2002 жыл



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады

## БҮГІНГІ САНДА:



3-бет

ЕЛБАСЫМЕН КЕЗДЕСУ



5-стр.

ИПК – веление времени



6-бет

Химиктерде өткен әдеби кеш



7-бет

СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Позиция



*Ректор Кожамкулов Т.А. на вопрос "Верите ли Вы в Бога?" так ответил корреспонденту журнала "Заң": "Понимаю это не однобоко, как слепую веру... Мое понимание – честно служить народу, родной земле, Отчизне, не посягать на чужое и не иметь плохих помыслов...".*



***Министр образования и науки Ш.К. Беркимбаева на конференции, посвященной празднованию 1500-летия эпоса "Козы-Корпеш и Баян-сулу", обратила особое внимание на национальные традиции в воспитании молодого поколения.***

# ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

***Оценивая деятельность университета в сфере воспитания, ректор Т.А. Кожамкулов отметил, что за последний год сделано немало хорошего, и теперь следует поднять воспитательную работу на более цивилизованный уровень – необходимо глубокое переосмысление, совершенствование и дальнейшее развитие в этом направлении.***

***Ниже мы публикуем сообщение о приоритетах в процессе формирования нравственной личности, с которым выступил 12 ноября 2002 года на очередном заседании ректората проректор по языкам и воспитательной работе Омашев Н.О.***



"Человеку в первую очередь нужны не знания, а воспитание. Знания, полученные без воспитания, пагубны для человечества", – эти мудрые слова принадлежат великому мыслителю аль-Фараби.

В марте 2002 года Президент Н.А. Назарбаев на встрече с коллективом университета сказал: "Вы должны готовить в стенах университета не просто высококвалифицированного специалиста, а прежде всего – личность, отвечающую требованиям времени".

Путь в будущее нашего молодого независимого государства лежит через нравственно-духовное воспитание молодого поколения. Воспитание молодежи, представляющей будущее страны и опору независимости нашего государства, – можно ли назвать более достойное дело? Мы должны воспитать личность, способную принимать решения в ситуации морального выбора и нести ответственность за эти решения перед собой, страной, человечеством, – это требование сегодняшнего дня.

Человек не может жить вне общества. Нынешнее поколение живет и формируется в принципиально иных социально-политических условиях. Проблемы выживания, здоровья, отношений между людьми, желание жить по законам справедливости – таковы устремления современной молодежи.

Мы должны создать студентам все условия, чтобы они могли реализовать свои духовные потребности и приобщиться к культурному наследию своего народа. Главным в этом направлении является преодоление пассивности студентов, создание ситуации свободного выбора и ситуации успеха, ориентация на вечные абсолютные ценности: человек, семья, отечество, труд, знания, культура, мир, земля.

Это закономерная постановка задачи, только определив стратегию и тактику воспитательной работы, можно говорить о ее эффективности и результативности.

Обучение и воспитание – это целостный образовательный процесс современной высшей школы. Содержание обучения и воспитания призвано формировать активного гражданина, патриота своей страны. Исходя из этой главной цели воспитания, в университете определены основные приоритеты развития личностных качеств студента.

*Любовь к Родине, патриотизм.* Это одна из самых важнейших ценностей нашего воспитания. Не нужно стесняться говорить о судьбе нашей страны и ее будущем. Мы должны воспитывать в молодежи качества гражданина, готовить ее к участию в общественных организациях, к активной и конкретной роли в общественно-политической жизни народа.

*Национальные обычаи, традиции.* Приобщение молодежи к национальной культуре имеет огромное воспитательное значение. Нашей молодежи нужны свои национальные идеалы. Вот тому пример. По-особому, необычно провели в университете праздник влюбленных "Козы и Баян" и конкурс искусств среди студентов некоренной национальности, в том числе и иностранных студентов. Примечательно, что большой интерес к нему проявила городская русскоязычная молодежь. Министр образования и науки Ш.К. Беркимбаева на конференции, посвященной празднованию 1500-летия эпоса "Козы-Корпеш и Баян-сулу", обратила особое внимание на национальные традиции в воспитании молодого поколения.

Как видим, творческий подход и удачные формы в организации и проведении молодежных праздников всегда находят отклик и поддержку среди студентов.

*Нравственное воспитание.* "Любить Родину – это высокая нравственность". Возможно, это звучит несколько непривычно, но если задать такую тему айтысу среди студентов, то мы увидим, что нравственность имеет свои глубокие корни и берет начало в национальной культуре, нравственных ценностях народа.

Издревле в народе нравственного, справедливого человека считали "богобоязненным человеком". Бездушных, корыстных людей избегали, говоря о них: "Без Бога в душе". Наши предки именно так воспринимали веру в Бога.

Ректор Кожамкулов Т.А. на вопрос "Верите ли Вы в Бога?" так ответил корреспонденту журнала "Заң": "Понимаю это не однобоко, как слепую веру... Мое понимание – честно служить народу, родной земле, Отчизне, не посягать на чужое и не иметь плохих помыслов...".

Говоря о духовности, следует строго отграничивать религиозность. Зачастую под видом ислама религиозные фанатики распространяют экстремистские взгляды, стремятся столкнуть молодежь с истинного пути, привлекая к различным сектам. Поэтому своевременным является приказ ректора университета о проведении мероприятий, направленных против предотвращения религиозного экстремизма и распространения идей терроризма.

*Справедливость.* Существует много различных способов и методов воспитания. Любой студент, переступивший порог нашего университета, вплоть до окончания его должен ощущать на себе силу воспитательного примера. В последнем номере журнала "Зерде" на один из вопросов анкеты, распространенной среди студентов, будущие экономисты ответили следующее: "Считаем, что в этом году в университете отбор студентов прошел честно и справедливо. По желанию родители абитуриентов могли присутствовать на приемных экзаменах. Все было открыто, и это вызвало у нас доверие к университету". Разве это не воспитательный эффект?

*Искусство, эстетическое воспитание.* Бесспорно, что наиболее действенным является воспитание через искусство. И в этом направлении факультеты университета и Дворец студентов ведут огромную воспитательную работу. Год от года становятся популярными среди студентов традиционный фестиваль "Мой Казахстан!", студенческие айтысы и многие другие мероприятия.

*Развитие государственного языка.* Непреходящее значение для суверенитета государства имеет дальнейшее развитие государственного языка. В университете действует комплексная программа "Государственный язык – мой язык!", в рамках которой проводятся мероприятия, направленные на совершенствование и развитие государственного языка. И в этом вопросе мы стремимся избежать формализма, находимся в постоянном поиске новых путей и форм работы. Примером нового подхода к работе в сфере развития языка можно назвать студенческий конкурс на лучшую научную работу на государственном языке среди студентов некоренной национальности, который будет проведен в университете 27 ноября.

*(Продолжение на 2-ой стр.)*







## ҒЫЛЫМИ КЕҢЕС

***2002 жылғы 22 қазан күні өткен Ғылыми Кеңес мәжілісінде проректор А.И.Купчишин диссертациялық кеңестердің жұмысы және олардың қызметін жетілдіру жөнінде баяндама жасап, оның сөзін комиссия төрағасы Ю.А.Зайкин толықтырды. Университеттің заң қызметінің жұмысы жөнінде орталық жетекшісі Г.Нұғманованың, "Қазақ университеті" баспасының мәселелері мен қазіргі жағдайы жөнінде баспа директоры Ә.Наурызбаевтың хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ, проректор С.Шалғымбаев автогараж және кадрлар бөлімінің қызметкерлеріне материалдық көмек көрсету және факультет деканы, деканның орынбасары, Бас ғалым хатшы мен факультет ғалым хатшысы қызметтерінің штаттық кестеге енгізілуі туралы және басқа да түрлі мәселелерді қамтыған баяндама жасады.***

***Университет ректоры Т.Ә.Қожамқұлов 25 қазан - Республика күніне орай оқу орнының штаттық қызметкерлеріне материалдық көмек көрсетілетіні жөнінде хабарлап өтті.***

## РЕКТОРАТ

***Қарашаның 12 жұлдызында өткен Ректорат мәжілісінде биологиялық мұражай директоры Л.Байтуллина мұражай жұмысының қазіргісі мен болашақтағы дамуы жөнінде, проректор Н.Омашев университеттің тәрбие жұмысының ерекше бағыттары жөнінде хабарламалар жасады. ҚазҰУ-дың жұмыспен қамтамасыз ету бөлімінің бастығы О.Пономаренконың бакалаврлар мен магистранттардың бөлінген орындарға келуі жөніндегі және әскери-мобилизациялық қызмет жетекшісі Ю.Мироничевтің ҚазҰУ-дегі әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алу қызметін ұйымдастыру жөніндегі хабарламалары тыңдалды. Сондай-ақ, проректор С.Шалғымбаев Ректораттың 9.10.2001 жылғы "Студенттердің тамақтануын ұйымдастыру" атты Қаулысының орындалуы туралы хабарлама жасады.***

**Позиция**

*(Начало на 1 стр.)*

# ПРИОРИТЕТНЫЕ НАПРАВЛЕНИЯ ВОСПИТАТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ

*Здоровый образ жизни.* К сожалению, употребление спиртных напитков, курение становятся нормой жизни. Между тем такие явления, как распространение наркомании, психических и инфекционных заболеваний требует приложения совместных усилий всех студенческих общественных организаций. Радует, что студенты, поднимая свои проблемы, не остаются в стороне от участия в их решении. Недавно в университете прошла студенческая конференция "Актуальные проблемы сохранения здоровья молодежи Казахстана", главными докладчиками на которой стали студенты. Интерес к конференции проявили специалисты Центра охраны здоровья, представители городского и районного акиматов.

В университете имеются широкие возможности для развития студенческого самоуправления, клубной деятельности и общественных объединений. Одним из фактов оптимизации студенческой деятельности можно назвать прошедшее недавно избрание нового президиума студенческого Сената университета.

*Духовность, национальное достоинство.* Роль духовного воспитания специфична. Без национального духа не может быть народа. Народ, растерявший свои духовные ценности, превращается в толпу. К счастью, наш народ обладает высокой духовностью. Привить молодежи сознание национального достоинства – наша главная обязанность. Именно с этой целью в университете открыт Молодежный духовный центр. Его основной целью является удовлетворение духовных и культурных потребностей молодежи, утверждение доброжелательных межнациональных отношений, воспитание молодежи, которая с уважением относится к традициям, языку, религии, культурным ценностям многонационального народа Казахстана.

Наша главная задача – возрождение гражданина, человека высокой культуры и нравственности. Говорят, можно найти ключ к любому делу. Не останавливаясь на достигнутом, мы ищем новые пути развития и совершенствования воспитательной работы. Университет прикладывает все усилия к созданию условий для разностороннего развития личности студента, предоставляет широкие возможности для самореализации личностных качеств, для развития студенческого самоуправления, для воспитания качеств лидера.

***Маусым мақамы***

# "Алтын күз" кеші

Қош келдің, сыңғырлаған сары күз, демекші ҚазҰУ қалашығы жатақханаларында студенттер кеңестерінің ұйымдастыруымен "Алтын күз" кеші өткізілуде. Алғашқы ұйымдастырушылар – филология факультетінің студенттер кеңесінің мүшелері болып табылады. Одан кейін шығыстану, журналистика, физика, механика-математика факультеттерінде де аталып өтті.

N17 жатақханада *(филология факультеті)* өткен байқауда әрбір қабат лиро-эпос жырларындағы Еңлік-Кебек, Ақан Сері-Ақтоқты, Ләйлі-Мәжнүн, Қамар сұлу-Ахмет, Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қыз Жібек-Төлеген және т.б. кейіпкерлердің есімімен шықты. Сонымен қатар, өздерін таныстыру, сөз өнері, студенттік тағам, күздік сән үлгісі, ақындық өнер деген сияқты номинациялар бойынша сайысқа түсті. Көптің арасында көзге түскен, яғни I орынды жеңіп алған жатақхананың 2 қабаты тұрғындарынан шыққан жұп Еңлік пен Кебек еді. II орынды 5 және 3 қабаттың жұптары, яғни, Қозы Көрпеш-Баян сұлу және Ақан Сері-Ақтоқтының еншісіне тиді.

14-15 қарашада факультет декандары Бауыржан Жақып, Сатай Сыздықовтың қатысуларымен өткен N5 *(журналистика факультеті)* және N8 жатақханаларындағы *(шығыстану, ХҚ факультеттері)* "Алтын күз" кешіне, әділ қазылар алқасы өз бағаларын берді. Кеш барысында өз өнерлерімен жаңа қырынан танылған талантты студенттерге әр түрлі номинациялар бойынша сыйлықтар табыс етілді. Сайыс қорытындысы бойынша: N5 жатақханадан I орынды 2 курс, II орынды 1 курс, III орынды 3 курс иеленсе, "Алтын күз" ханзадасы мен ханшасы атағын 2 курс студенттері Мейіржан мен Қырмызы жеңіп алды.

N8 жатақхана бойынша 3 курс студенті Ә.Әлімжанова



және 1 курс студенті Е.Сатыбалдиева өз өнерлерімен, сұлулықтарымен, тапқырлықтарымен бас жүлдені жеңіп алды. Бұл жатақхананың кешті ұйымдастырудағы өзгелерден ерекшелігі "Күлкі сайысының" енгізілуі болды. Бұл кеште студенттер қазақ әндерімен қатар европалық, шығыс тілдеріндегі әуенді меңгергендерін көрсетті. Аталмыш кешке бірнеше байқаулардың жүлдегері, хореограф Кенжекей Байғазиева қонақ ретінде қатысып, студенттерге өз өнерін көрсетті.

Физика және механика-математика факультетінің студенттері тұратын N14 жатақхана тұрғындары да күз мерекесін лайықты қарсы ала білді. Жатақхананың әр қабатының студенттері өз ханшалары мен ханзадаларын сайлап, олардың арасында өзара сайыс өткізді. Әділ қазылар алқасының шешімі бойынша 1-ші орынды 5-ші қабаттың тұрғындары Қ. Әнешов пен М. Нұрымбетова жеңіп алды.

Әрине, әдеттегідей кеш соңы биге ұласып жатты. Жазғы демалыстан келген жатақхана студенттерімен бірге университет табалдырығын жаңа аттаған 1 курс студенттері үшін ең алғашқы кеш "Алтын күз" мерекесі басқа да жатақханаларда өз жалғасын тауып жатыр.

**Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлім**

**Ғ. МҰСТАФИН - 100**



7 қараша күні ҚазҰУ-дың филология факультетінің 312-дәрісханасында қазақ әдебиетінің мақтанышы, заманымыздың заңғар жазушысы Ғ. Мұстафиннің 100 жылдық мерейтойына арналған «Ғабиден Мұстафин және оның заманы» атты ғылыми-теориялық конференция болып өтті.

## Заман шындығының жаршысы

Конференцияның беташарын ҚазҰУ-дың оқу ісі мәселелері жөніндегі проректоры, профессор Ж. Дәдебаев кіріспе сөз сөйлеп ашып, онда жазушы Ғ. Мұстафин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алар орнына тоқталды. Бас қосуды филология факультетінің деканы, профессор Қ. Әбдезұлы жүргізіп отырды. Бағдарлама бойынша сөз алып, жазушы шығармаларының ерекшелігіне қатысты өз пайымдауларын ортаға салған ғалымдар З.Бисенғали, Ә. Нарымбетов, С. Садырбаев, Ө. Әбдиманұлы, жазушылар С. Жұмабекұлы, А. Жақсыбаевтардың баяндамаларында Ғ. Мұстафиннің жазушылық, журналистік, әдебиеттанушылық қырлары жан-жақты қамтылды. Жазушының «Көзкөрген», «Дауылдан кейін» романдарындағы заман шындығының бейнеленуінің көркемдігі, шынайылығы жөнінде ғалымдар Б. Майтанов, Қ. Мәдібай кеңінен әңгіме қозғады. Сонымен бірге конференцияға заңғар жазушының туған қызы, профессор Ж. Мұстафина қатысып, әкесі туралы қызықты естеліктерді тебірене толғап, жиналған қауымға сыр шертті.

Өз тілшімізден

***Конференция***

# Өзімізден бастайық, жастар!

ҚР Президентінің 2002 жылды "Денсаулық жылы" деп жариялау туралы жарлығын жүзеге асыру көлемінде әрі жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында "Қазақстан – 2030" стратегиялық бағдарламасына орай университетімізде "Қазақстан жастарының денсаулығын сақтаудың өзекті мәселелері" атты конференция болды.

Конференцияға 13 факультет студенттері, мұғалімдері мен салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметінің мамандары, әлеуметтік бөлім, "Парасат" қызметкерлер кәсіподағы, жалпыуниверситеттік өмір қауіпсіздігі кафедрасы, ғылыми кітапхана, тіл және тәрбие саласындағы қызметкерлер, мұражай қызметкерлері қатысты.

Конференцияға қалалық әкімшіліктен, қалалық СПИД орталығынан, қалалық студенттер емханасынан дәрігерлер қатынасты. 13 факультеттен студенттер баяндамалар жасады.

Биология факультеті мен халықаралық қатынастар факультетінің студенттері "Аурудың азабы", "Шексең шек, шекпесең қой" деген тақырыпта қойылымдар қойып, отырған көпшілікті бір серпілтіп тастады. Баяндамалар әр түрлі тақырыпты қамтыды. Мысалы, нашақорлық, ішімдік, темекі тарту, СПИД, дәріханаларды құқықтық реттеу мәселелері, жұқпалы аурулардың алдын алу, т.б.

"Біз салауатты өмір салтын таңдаймыз!" атты факультетаралық қабырға газетіне байқау ұйымдастырылды.

1-жүлде - шығыстану факультетінің еншісіне тиді.

2-жүлдені - география факультеті

3-жүлдені - филология факультеті иемденді.

Барлық факультеттердің қабырға газеттері жастар арасында салауатты өмір салтын орнықтырып, шылым шегу мен ішімдік сусындарын тұтынуды жоюға, нашақорлыққа қарсы күрес, жұқпалы аурулардың алдын алу, т.б. тақырыптарды қамтыған және де филология факультетінің 1 курс студенттері Әзімханов Марат, Чепурченко Алена, химия факультетінің студенті Қажыбек Әшімұлы өздерінің шығарған өлеңдерін оқыды.

Университет тарапынан студенттер конференцияда белсенділік танытқандары үшін мақтау қағаздарымен, жүлдегерлер дипломмен, бағалы сыйлықтармен марапатталды.

"Келешек бақытты да дені сау жастардың қолында болмақ!" деген ұранмен студент жастар салауатты өмір салтын құруға бағытталған қарар қабылдады.

Өз тілшімізден




***Қойылым***

# САХНА ТІЛІ САН ҚЫРЛЫ

Қарашаның 13 жұлдызында Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында «Күз және көңіл әуені» атты мәдени шара болып өтті.

Мәдени шараны ҚазҰУ-дың студенттер клубы мен университеттің Тіл және тәрбие бөлімінің ұжымы ұйымдастырды. Кештің беташарын Студенттер клубының қызметкері, белгілі режиссер К.Дүйсенбай ашып, бүгінгі бас қосудың мән-жайымен кеңінен таныстырып өтті. Сондай-ақ, аталмыш мәдени шараға Т. Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының 3 курс студенттері қатысып, олар кеш барысында ҚазҰУ-дың журналистика факультетінің түлектері мен студенттері Ж. Әшімжанұлы, А. Исәділ, Е. Жеңісұлы, Т. Тұрлыбаева, Ж.Әбсадық, Н. Бердалы секілді жас ақындардың алтын күзге және сезім пернелеріне арналған жыр шумақтарын арқау еткен драмалық қойылымды тыңдармандарға тарту етті. М.О. Әуезов атындағы академиялық драма театрының көркемдік жетекшісі, белгілі режиссер, профессор Е.Обаев (3 курстың топ жетекшісі) пен Т.Жүргенов атындағы ұлттық өнер академиясының «Сахна тілі» пәнінің оқытушысы, профессор Д.Тұранқұлова секілді сахна өнерінің қыр-сырын жетік білетін кәсіби өнер шеберлерінен тәлім алған «музыка және драма» бөлімінің студенттерінің сөйлеу мәнері, қимыл-қозғалысы көпшіліктің көңілінен шықты. Олар сахналаған композициялық қойылымнан соң ҚазҰУ-дың қызметкерлері мен студенттерінен құралған топтың қатысуымен Мұқаметқали Хасеновтің «Пай-пай, жас жұбайлар-ай!» атты комедиялық қойылымы да сәтті жасалған талпыныстардың бірі болды. Атап айтқанда, драмалық туындыдағы Багратион (Қ.Әбілқайырұлы), Есет (Н. Ораз), Зәуреш (М. Құмарова), Қасым (Ж. Есембек), Бану (Ж. Жақыпова), Ғазиза (А. Қауғабаева), Бақыт (М. Алжанбай), Ләззат (Ш.Иекбаева), Елес (Д. Аманқұлова) секілді кейіпкерлердің ішкі әлемі, өмірлік көзқарас-танымдары тамашалаған жұртшылыққа нанымды, шынайы түрде жеткізілуімен ерекшеленді. Қойылым мазмұны бүгінгі өмірімізде, әсіресе, жаңадан қосылған жас отау иелерінің арасында орын алып отырған кемшіліктерді лайықты әжуалап, адамдардың бір-біріне құрметпен караушылық қасиеттерін дәріптеп, пәни өмірдегі сыйластыққа негізделген қарым-қатынастардың маңыздылығын ашып көрсетті. Мерекелік шара соңында Ұлттық академия студенттерін бастап келген Дариға Тұранқұлова білім ордалары арасындағы мұндай рухани байланыстардың бұдан әрі де жалғасын таба берерін айта келе, ҚазҰУ тобындағы жігіттер мен қыздардың шығармашылық деңгейін жоғары бағалады.

С. ЖАНИҰЛЫ





Сен жанбасаң лапылдап...

# ТІЛ - ҰЛТ ТАМЫРЫ

## ОРЫС ТІЛДІ ҚАЗАҚ ЖАСТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

**Еліміз егемендік алды, туымыз желбіреді, еліміздің әнұраны саңқылдап естіледі.**

Кез-келген ел мемлекет болу үшін оның шекарасы мен әскері, әсіресе, егемендігі мен тілі болуы тиіс десек, міне, 1990 жылдан бастап Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының орнына Қазақстан Республикасы мемлекеті қалыптасты. Әрине, республикаға байланысты көп өзгерістер болды. Соның ішіндегі ең күрделісі және мемлекет үшін қажеттісі - тіл. 70 жыл орыстың отарында болып, көп жағынан дамығанымызбен, қазақ халқы тұтас мәдениетінен, әсіресе, тілінен айырылу дәрежесіне дейін жетті. Тек орыс тілін білсең дейтін





Талғат САЙРАМБАЕВ, филология ғылымының докторы, профессор

қағида арқылы қазақ жастарының тек орыс тілді өкілдері ғана жақсы орын тапты, өсті.

Осы қалыппен екі-үш аға орта қалыптасты. Қазіргі үкімет айналасында осы орыс тілді қазақтар, олардың балалары, немерелері, шөберелері отыр. Егемендіктің арқасында қазақ тілі мемлекеттік тіл дәрежесіне көтерілуде, бірақ ұлтымыздың 40 пайыздайын орыс тілді қазақтар құрайды. Әрине, біз қазіргі орыс тілді жастардың әке-шешесін айыптаудан аулақпыз. Қоғам солай болды, оған қоғам солай әсер етті. Енді егемендік алғаннан кейінгі қазіргі жастар республика бойынша мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырамыз десе, әсіресе, жастардың өз ұлтының тіліне назар аударатын уақыты жетті. Ендігі жастар тек ұлт тіліне назар аудармайынша КСРО кезіндегі қазақ тілді қазақтардың үлкен ортаға шыға алмағаны сияқты қарқындап өсіп келе жатқан тілдік саясаттың негізінде сіздерге де сол бағыт келуі ықтимал. Дүние кезек. Сондықтан да сіздерге әке-шеше жолын барлық жағынан қууға, қазақ тілін меңгеруді қолға алуға, келешек өз өмірлеріңіз үшін қазақ екендіктеріңізді осы кезден түсіне бастауға шақырамыз. Орыс, ағылшын, т.б. тілдерді меңгер, бірақ өзіңнің ұлт тіліңді білмеу, ұлтыңның салт-дәстүрінен хабардар болмау енді біраз уақыттардан кейін сіздерге ауыр тиетінін бүгіннен бастап айтуды мақсатымыз деп есептейміз. Сондықтан орыс тілді қазақтар ойланыңдар, сіздер орыс тілін де қазақ тіліндей білу арқылы көп асулардан асатындарыңызға сенімдіміз. Егемендік тек осыған сүйрейді, осыны қажет етеді.

Ана тілін білмеу - өз ұлтын елемеу, сыйламаумен бірдей. Оның үстіне, республика мемлекеттік тілге көшуде, сондықтан өз таңдауларыңызды жасау керек. Ел келешегі сендерсіңдер, бірақ оған ұлт тілін білген, көргені көп, естігені мол жас жете алады.

Бұл мақсатқа жетуде намыс, ұят өз алдына. Ең алдымен ұлттық рух, ұлттың қажетіне бас ұру қажет деп білеміз. Келешекте мемлекетті басқару, қазақ еліне қызмет қылу ана тілінсіз мүмкін емес.

Қазір бізде орыс тілді жастардың қазақ тілін меңгеруіне қаншама күш салынып жатыр. Дегенмен, орыс тілді қазақ жастары өз ана тілін білуге ұмтылмайды. Тіпті, қазір қазақ тілінен кандидаттық минимум да алудамыз. Басқа ұлттың өкілдері барынша күшін салып, емтихан тапсыруға талпынса, орыс тілді қазақтар бұған немқұрайды қарайды. Орыс тілді қазақ жастары қоғамда қазақ тілі мәртебесінің жоғары болуын осы бастан түсініп, ана тілін меңгерудің уақыт, ел талабы екендігін ұғынса деген тілектеміз.



Құрмет

Үстіміздегі жылдың қазан айында заң саласындағы белді мамандардың бірі; университетіміздің заң факультетіндегі қылмыстық құқық және криминология кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымының докторы, профессор Ағыбаев Арықбай Нүсіпәліұлы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қабылдауында болды. Осыған орай Арықбай ағамызға жолығып, шағын сұхбат алған едік.

# ЕЛБАСЫМЕН КЕЗДЕСУ

– ЕЛБАСЫМЕН КЕЗДЕСУ БАРЫСЫНДА КӨТЕРГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІҢІЗ, АЛҒАН ӘСЕРІҢІЗ ЖӨНІНДЕ АЙТЫП ӨТСЕҢІЗ.

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев бір ұлт аясынан шыққан, біртұтас, көпұлтты Қазақстан шеңберінен биіктеп, халықаралық деңгейге көтерілген ұлы тұлға.

Н.Ә.Назарбаев қасиетті Қарасай батырдың сегізінші ұрпағы, осыған орай ол жақсының көзі ғана емес, ерлікті еңбекпен, даналықты әлемдік саясатпен ұштастырған, елдің ел болып өркен жаюына, өркениетті мемлекет дәрежесінде танылуына білімі мен білігін, ойы мен парасатын, күш-қайраты мен жігерін жұмсап отырған киелі қайраткер. Баһадүр бабамыз Қарасай батыр туралы "Ұран болған ұлы батыр" деген оқулығым таяуда "Санат" баспасынан жарық көрген еді. Осы еңбегімді ел Президентіне өз қолыммен тапсырдым.

Бабалар әруағын пір тұтатын Нұрсұлтан Әбішұлы кітапты жылы ықыласымен қабылдап, алғыс ретінде маған өзінің таяуда

**Нұрсұлтан Әбішұлы әдемі безендірілген газетті алып, бірінші бетте жарияланған университет ректоры Т. Қожамқұловтың, тағы басқа да авторлардың мақалаларына көз жүгіртіп, шын ықыласпен шолу жасап, оқуға алып қалды.**

жарық көрген "Бейбітшілік эпицентрі" деген "Елорда" баспасынан жарық көрген еңбегін қолтаңбасымен сыйға тартты. Кітапта Президент Н.Ә.Назарбаевтың тікелей бастамасымен Қазақстанда ядролық қару-жарақтан мүлдем бас тарту туралы идеяларының жүзеге асырылу кезеңдері кеңінен әңгіме болады.

Кездесуде Президент білім беру, ғылымды дамыту сапасын жетілдіруге ерекше ықыласты екендігін сездірді. Өз тарапымнан мен де әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің барлық ғалымдары сияқты еңбек етіп, егемендік алғаннан бері 6 оқулық, 3 монография, бірнеше ғылыми еңбектер жариялағанымды, олардың болашақ заңгер мамандар даярлаудағы маңызы туралы айтып бердім.

– ЕЛБАСЫНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҚҚА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫ ТУРАЛЫ НЕ АЙТАР ЕДІҢІЗ?

Осы кездесуде мен өзіммен бірге ала барған "Қазақ университеті" газетінің 2002 жылғы ақпан айындағы жарық көрген санын Елбасыға ұсындым. Газеттің осы номерінде біздің университетіміздің өзіндік тірлік-тынысы кеңінен көрсетілген еді.




ҚазҰУ-де осындай жоғары сапалы газет шығып тұрады және ол бүкіл республика оқу орындарына таратылады дедім. Нұрсұлтан Әбішұлы әдемі безендірілген газетті алып, бірінші бетте жарияланған университет ректоры Т.Қожамқұловтың, тағы басқа да авторлардың мақалаларына көз жүгіртіп, шын ықыласпен шолу жасап, оқуға алып қалды. Мұның өзінен-ақ Елбасының республикамыздың ең таңдаулы жоғары оқу орнына ерекше көңіл аударатыны айқын көрініп тұрды.

Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ

Конгрестен кейінгі ой

# ЖАСТАРҒА ЖАСАЛҒАН ҚАДАМ



**Болатбек ТӨЛЕПБЕРГЕН, ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметінің жетекшісі**

Баяғыда шет ел өмірінен көріп жататын хабарлардан бір жай жадыға тоқылып қалғанына әлі күнге қатты таңбыз: бөлен елде жастар өз партиясын құруға ұмтылып жататын, бірақ оған өмірдің өткіншілігін уәж қылып тосып, ертең олардың да қартаятынын дәлелдеп бағатын. Сонымен ол ұсыныс тынды ма, ары қарай не болғанын кім біліпті.

Кеңес Одағы кезінде жастарға көңіл бөлініп жататындай көрінетін. Комсомол ұйымы сол жастардың мүддесін қорғап, жақсы істердің ұйытқысы болып, өміршең шараларды үздіксіз ұйымдастыратындай әсер беретін. Ал, кейбір көзі қарақты кісілер бір шенеунік туралы айтқанда: «Комсомолдың қызметкерлерін еске салады» деп жиреніш білдіретінін қайтерсің. Бүгінгі жастар сол комсомолдың не екенін біле ме екен? Жалпы, бүгінгі жастар кім өзі? Отызға келіп те жастық сезімнен әлі арылмаған жеке адамдар турасында әңгіме өзінше бөлек. «Мен жастарға сенемін» деп, кезінде жар салған қазақ ақынының үні өмір толқынында жоғалып барып, қайта жарқ етіп көрінді. Бірақ, оған селт ететін жастар байқалмайды. Өткен ғасырдың 70-ші жылдарында жастар өнерге, поэзияға құмар болатын. Жатақханаларда Қадыр мен Тұманбайдың өлең кітаптары жататын. Қазір оның бірі де жоқ. Адам болмысында тоқырау белгісі көп. Не істесек екен? «Мен жастарға сенемін» деп жұлқынып шығатындай қазақ өнер иесі бұл көкжиектен көрінетін түрі жоқ. Ауызды құ шөппен сүртудің ескі әдетіне үйірсаңыз - мейліңіз. Қараңғы түйыққа қамалып қап, шығатын жол таппай алақтаған жағдай тұрмаса да бүгінгі жастар кешегі жас қазіргі аға буындай емес. Олардың басын біріктіріп, жақсы іске ұйытқы болатын күш табылмай келген.

Иә, бізде «егделер мәселесі» емес, «жастар мәселесі» бар. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бері жағымыз бір талмай «жастар бұзылды, жастар үйтті, бүйтті» дегенді жиі айтамыз. Себебі түсінікті, салдарына үңіліп көрейікші.

«Кеңес» атты казармадан босаған аға ұрпақ жоғарыда айтқандай өзіндік дәстүр мен қоғамдық нормаларды жастарға табыстарда қатты қателескен сынды. Мүмкін, бұлайша жаза басуға сол қайшылықты жүйенің де үлесі үлкен әсер еткен шығар. Батыстың «өні мен сөнінен» қанша қақпайлап ұстағанмен тордағы тоты құсыңыз темір құрсаудан құтылған сәтте-ақ басқаша сайрап шыға келді. Нашақорыңыз да, жезөкшеңіз де, жұмыссызыңыз да, т.б. жастар. Көбісі «бұғаудан босағанмен» не істерін, қайда барарын білмей, аңырып тұрып қалды. Көзді жұмып, түспалдап тартты сосын. Қайда барса да қиын, өте қиын еді. Қалаға барса оқу оңай емес, жұмыс табу одан да қиын дегендей...

Заманның жастарға деген сынайын байқадық. Қатқыл. Содан ба, әлемдік қоғамдық саяси үрдістер мен елімізде жүріп жатқан саяси-экономикалық реформаларға жас буынның, әсіресе, қазақ тілді жастардың кірігуі енжар. Бұл бәрінен бұрын шын талап пен үлкен еңбектің кемшіндігінен бе дейсің.

Сонымен жақында Астана қаласында өткен ел жастарының екінші конгресі жоғарыдағы олқылықтардың орнын толтыруға деген қадам іспетті. Осы жастар саясатының жүзеге асуына біздің он бес мыңнан аса студенті бар еліміздегі маңдай алды оқу орны ҚазҰУ-дың да қосар үлесі зор. Демек, мынадай бір ұсыныстың реті келіп тұр. Университетімізде жастар мәселесімен тынғылықты айналысатын құрылымның қажеттігі бүгінгі жастар саясаты мемлекеттік деңгейде өткір қойылып отырған тұста артық етпесі анық. Айталық, Еуразия ұлттық университетінде жастар ісі жөніндегі комитет пен ректордың жастар ісі жөніндегі көмекшісі бар. Бізде де осындай құрылым бүгінгі студент, ертеңгі дипломды жастардың мәселелерімен нақты айналысса деген тілек бар.

**Иә, бізде «егделер мәселесі» емес, «жастар мәселесі» бар. Әсіресе, тәуелсіздік алғаннан бері жағымыз бір талмай «жастар бұзылды, жастар үйтті, бүйтті» дегенді жиі айтамыз. Себебі түсінікті, салдарына үңіліп көрейікші.**

## Қ.Ә. Бегалиев - 75



Қарашаның 15 жұлдызында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 15 қабаттағы мәжіліс залында заң ғылымының докторы, профессор Қалауша Әділжанұлы Бегалиевтің 75 жасқа толуына орай мерейтой болып өтті.

Мерейтойды университет ректоры Т.Ә. Қожамқұлов кіріспе сөз сөйлеп ашып, онда еліміздегі заң ғылымының дамуына ерекше еңбек сіңірген қадірлі ұстаз, білікті ғалымды жетпістің асқарынан асып, сексеннің сеңгіріне бет алған бүгінгі асуымен құттықтады.

# БЕГАЛИЕВТІҢ БЕДЕЛДІ АСУЫ

Ғалымның ұзақ жылғы ұстаздық ғұмырында еліміздің заң саласында білікті мамандар даярлауға сүбелі үлес қосқанын атап өтіп, алдағы уақыттарда да биік те абыройлы белестерден көріне беруіне университет ұжымы атынан тілектестігін білдірді. Бұдан кейін сөз алған заң факультетінің деканы, заң ғылымының докторы, профессор Д.Л.Байдельдинов ғалым-ұстаздың өмірбаянындағы соны деректерді қамтып, осынау ұзақ жылдарға созылған еңбек жолында қол жеткізген іргелі табыстарына жан-жақты тоқталып өтті. Сонымен бірге мерейтойдың құрметті қонақтары ретінде қатысқан ҚР Бас прокурорының орынбасары, Бас әскери прокурор, генерал-майор А.А.Төлеуханов, Алматы облыстық сотының төрағасы С.Қ.Байбатыров, ҚР прокуратурасының ардагерлер органы Кеңесінің төрағасы О.Т.Боранбаев, ҚР ІІМ Академиясы бастығының орынбасары, профессор Б.Ә. Әбдірахмановтар мерейтой иесін құттықтап, жүрекжарды лебіздерін арнады. Сондай-ақ, салтанатты кешке арнайы келген қонақтар «Әділет» жоғары құқықтық мектебінен А.А. Матюхин, Қазақ мемлекеттік Заң басқармасының Мемлекет және құқық институтының директоры, заң ғылымының докторы, профессор Д.С.Чукмайтов, «Предупреждение преступности» журналының жауапты хатшысы Н.Н. Турецкийлер де өз мекемелері атынан Қ.Ә. Бегалиевке құттықтау лебіздерін жолдап жатты. Ұстаз-ғалымның әріптесі, қызметтесі күні кеше ғана осы арада өзінің мерейтойын да атап өткен белгілі заңгер, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, заң ғылымының докторы, профессор С.С. Сартаев та досына, құрдасына өзінің ыстық ықыласқа толы ізгі тілегін жеткізді. Мерейтой соңында заң факультетінің студенттері ұстаздарына арнап шағын концерттік қойылым көрсетті.

**Өз тілшімізден**

## М.С. Әженов - 70

# Әлеуметтану ғылымының Әженові

15 қараша күні ҚазҰУ-дың философия және саясаттану факультетінде философия ғылымының докторы, профессор Матиполла Салахадинұлы Әженовтің 70 жылдық мерейтойына арналған салтанатты бас қосу өтті.

Бас қосуды ҚазҰУ-дың ректоры, профессор Т.Ә. Қожамқұлов беташар сөз сөйлеп ашып, ұстаз-ғалымды мерейлі мерекесімен құттықтады. Құттықтау сөзден соң философ ғалымның ұзақ жылғы ұстаздық ғұмырында шәкірттер даярлаудағы ересен еңбегіне тоқтала келіп, Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан ғылымының дамуына сіңірген еңбегі үшін» деген ең жоғарғы марапаттау белгісі берілгенін хабарлап, белгінің N 152 куәлігін табыс етті. Бұған қоса университет ұжымы атынан ҚазҰУ-дың арнайы медалімен марапаттап, шапан жауып, ақшалай сыйақыны табыстады.

Бұдан кейін сөз алған президент әкімшілігі аппараты атынан мерейтойға арнайы келген С.Т. Сейдуманов философ ғалымның иығына шапан жауып, осынау мерекесіне орай «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағына ұсынылғанын хабарлап өтті. Ғалым-ұстаздың еліміздің философия және әлеуметтану ғылымының қалыптасуына, дамуына қосқан сүбелі үлесіне ризашылық сезімін арнап, «Тәуелсіздік күні қарсаңында берілетін осынау құрметті атақты алғандардың тізімінен біздің Матиполла Салахадинұлы ағамыздың да аты-жөнін естіп қаларсыздар», - деп ізгі тілегін қорытындылады әкімшілік аппаратының өкілі. Философия ғылымының докторы, профессор К. И. Исаев бастаған қырғыз елінен келген ағайындар мерейтой иесінің басына қырғыздың ақ қалпағын кигізіп, иығына шапан жапты. Сонымен бірге Алатаудың арғы баурайынан аға тойына асыға жеткен бауырлас жұрттың өкілдері мұнымен де тоқталмай Матиполла ағайдың үйіндегі апайдың басына да ақ жаулық салып, иығына камзол жауып, қырғызша киіндірген кезде сүйсінбеген адам қалмады. Бұдан кейін Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің философия факультетінің деканы, профессор К. Бұрханов, Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің проректоры, профессор Ү. Сыдықов, Қ. Яссауи атындағы Түркістан халықаралық қазақ-түрік университетінің проректоры, профессор О. Нұсқабаев, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің проректоры, профессор Қ.Құдайбергенов, Х. Досмұхамедұлы атындағы Атырау университетінің проректоры, профессор Қ. Шабденовтер бастаған мерейтойға арнайы келген құрметті қонақтар өз оқу орындары атынан шапан жауып, тиісті сый-сыяпаттарын табыстады. Мерейтой барысында Матиполла Салахадинұлының шәкірттері, ҚазҰУ-дың философия және саясаттану фаультетінің магистранттары қадірлі ұстаздарына гүл шоқтарын ұсынып, өздері дайындап әкелген тортты тарту етті.



Келесі күні, яғни 16-қарашада осы шараның аясында «Орталық Азиядағы әлеуметтік жағдайлар және әлеуметтік стратификация» деген атпен әлеуметтанушылардың халықаралық ғылыми конференциясы болып өтті.

Конференцияны философия және саясаттану факультетінің деканы, ҚР ҰҒА-ның корреспондент-мүшесі, профессор Ғ.Е. Есімов жүргізіп отырды. ҚазҰУ-дың ғылыми жұмыстар жөніндегі проректоры, профессор А.И. Купчишин ғалым-ұстазды жетпіс жастың асуынан абыроймен асып отырған мерейтойымен құттықтап, алдағы уақыттарда да ізбасар шәкірттер тәрбиелей беруіне тілектестігін білдірді. Бұдан кейін конференция қонақтары, факультеттің ғалым-ұстаздары мен шәкірттері сөз алып, философия және әлеуметтану ғылымының бүгіні мен болашағына қатысты өз ойларын ортаға салды. Бағдарлама бойынша конференция барысында «Әлеуметтік құрылым және посткеңестік кезеңдегі стратификация», «Әлеуметтік жағдайлар» және «Жас ғалымдардың семинары: Өзгерген қоғамдағы жастар: өнеге жалғастырушы, дәстүр және жаңалық жаршысы» деген тақырыптардан тұратын үш секция жұмыс істеді.

**С. ЖҰБАНИЯЗОВ**

## Л.В. Дюков - 90



28 ноября 2002 года исполняется 90 лет профессору Леониду Васильевичу Дюкову. Наверное, нет такого юриста старшего и среднего поколения в Казахстане, который бы не знал Леонида Васильевича. Личность этого человека примечательна во всех отношениях. Он один из тех, кто стоял у истоков высшего юридического образования и правовой науки Казахстана.

# Патриарх юридического образования и правовой науки Казахстана

Трудовую деятельность Леонид Васильевич Дюков начал в 1929 году в качестве ученика и мастера литографской печати. В 1931-1935 годах учился на рабфаке и одновременно в Московском институте советского права (МЮИ). Затем – обучение в аспирантуре Ленинградского юридического института под руководством профессора Иннокентия Ивановича Яковкина.

**В 1938 году Дюков переезжает в Алматы, и с тех пор вся его жизнь связана с этим городом, а большая часть его профессиональной деятельности с КазГУ им. аль-Фараби: доцент кафедры теории и истории государства и права, зав. кафедрой и заместитель директора АГЮИ, ученый секретарь Ученого совета. В течение последних 4-х лет Леонид Васильевич работает в Высшей школе права "Адилет" в должности профессора.**

**После защиты диссертации на тему "NEXUM в римском праве" читал лекции и вел занятия по теории государства и права, всеобщей теории государства и права, истории государства и права СССР, истории государства и права Казахстана, истории политических и правовых учений, римскому частному праву, конституционному праву.**

**Л.В. Дюков выступал на многих всесоюзных и республиканских конференциях по проблемам теории государства и права, по проблемам кодификации союзного и республиканского законодательства (1956). Он соавтор 8 союзных историй политических правовых учений и истории государства и права, 3 учебников по истории государства и права Казахстана, автор 20 статей. Самой известной работой Леонида Васильевича Дюкова является научное исследование государственно-правовых взглядов Валиханова "Ч. Валиханов как последователь Н.Г. Чернышевского" (1960). Подготовил двух кандидатов наук. Выступил более 15 раз в качестве официального и неофициального оппонента на защите диссертаций. Его лекции по юридическим дисциплинам слушали в вузах Москвы, Фрунзе, Ташкента, Минска, Караганды. Он был членом методического совета Министерства высшего образования СССР, внештатным лектором ЦК Компартии Казахстана, выбирался депутатом райсовета г. Алматы. Награжден тремя медалями за доблестный труд в годы Великой Отечественной войны, медалью "Ветеран труда", двумя грамотами Верховного Совета КазССР, а также знаком Министерства высшего образования СССР за отличные успехи в высшей школе.**

Леонид Васильевич – большой знаток искусства: архитектуры, живописи, музыки, оперы, балета, он является образцом настоящего интеллигента.

Профессорско-преподавательский состав, сотрудники и студенты юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби горячо поздравляют профессора Л.В. Дюкова со знаменательным юбилеем, желают доброго здоровья, долгих лет жизни, дальнейших творческих успехов на ниве юридического образования и правовой науки Казахстана.

**А.С. ИБРАЕВА, зав. кафедрой теории и истории государства и права**

## Непрерывное образование

Все нынешнее лето на четвертом этаже корпуса биологического факультета усердно трудилась строительная бригада. И к началу сентября часть рекреации была перекрыта, появилось новое помещение, а рядом с дверью – табличка "КазНУ им. аль-Фараби. Институт повышения квалификации работников образования".

Директор ИПК КазНУ доктор биологических наук, профессор **С.Т. Тулеуханов** согласился ответить на вопросы нашей газеты о деятельности новой образовательной структуры университета.

# ИПК – веление времени



**– СУЛТАН ТУЛЕУХАНОВИЧ, КАК ГОВОРЯТ, "НОВОЕ – ЭТО ХОРОШО ЗАБЫТОЕ СТАРОЕ". ВЕДЬ ИНСТИТУТ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ КАЗГУ УСПЕШНО ФУНКЦИОНИРОВАЛ МНОГИЕ ГОДЫ, ЗАТЕМ БЫЛ ЗАКРЫТ. ЧЕМ ВЫЗВАНО РЕШЕНИЕ ВНОВЬ ОРГАНИЗОВАТЬ ИПК И ИМЕЕТ ЛИ ОН РАДИКАЛЬНЫЕ ОТЛИЧИЯ ОТ СВОЕГО ПРЕДШЕСТВЕННИКА?**

– Совершенно верно, в свое время при нашем университете действовал Институт повышения квалификации преподавателей. Но 5 лет назад, в сложный для всей республики переходный период, он был закрыт из-за финансовых проблем.

Повышение педагогического и научного мастерства преподавателей – веление времени. Согласно приказу Министерства образования и науки каждый преподаватель вуза должен один раз в 4-5 лет повышать квалификацию. Это обязательное требование, иначе он не сможет пройти по конкурсу на занимаемую должность.

Также не вызывает сомнений то, что без обмена опытом, без консультаций и контактов с коллегами невозможно оставаться на высоком профессиональном уровне в столь быстро меняющемся мире. И создание такого учебно-образовательного центра стало жизненной необходимостью. Поэтому Министерство образования приняло решение об открытии ИПК при КазНУ им. аль-Фараби.

Повышение квалификации осуществляется по следующим видам обучения: краткосрочное – 72 часа, среднесрочное – от 72 до 108 часов, длительное – свыше 108 часов. С нового, 2003, года в нашем Институте можно будет пройти стажировку с целью освоения конкретного метода исследования, определенной методики обучения, ознакомления с научными изысканиями по своей теме.

**– ПОЧЕМУ "ПЛАЦДАРМОМ" ДЛЯ ИНСТИТУТА ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ СТАЛ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ?**

– По-моему, решение вполне закономерное. КазНУ является флагманом высшего образования Казахстана. Здесь сосредоточен внушительный корпус высококвалифицированных профессоров и преподавателей. В среднем каждая кафедра имеет в своем составе по 4-5 докторов наук, профессоров. На базе факультетов организованы научно-исследовательские институты и научные центры. Одним словом, наш университет обладает огромным научным и педагогическим потенциалом, позволяющим успешно организовать деятельность Института повышения квалификации работников высших учебных заведений, которая является частью единой системы непрерывного образования.

**– КАКОВЫ ОСНОВНЫЕ ЦЕЛИ И ЗАДАЧИ ИПК?**

– Целью повышения квалификации является обновление теоретических и практических знаний специалистов в соответствии с возрастающими требованиями рыночной экономики.

Поэтому свою главную задачу мы видим в удовлетворении потребностей специалистов сферы высшего образования в получении знаний о новейших достижениях науки и техники, передовом отечественном и зарубежном опыте. Мы оказываем консультативную помощь слушателям в организации и проведении научных исследований, научно-технических и опытно-экспериментальных работ в сфере образования, проводим экспертизу программ и проектов, разрабатываем учебно-методические материалы, оказываем научное руководство при внедрении новых технологий обучения.

**– КАК ОБЕСПЕЧИВАЕТСЯ КАЧЕСТВО ОБУЧЕНИЯ И ЗНАНИЙ, ПОЛУЧАЕМЫХ СЛУШАТЕЛЯМИ ИПК?**

– Во-первых, качество нашего обучения гарантировано очень высоким профессиональным уровнем наших преподавателей. Основную часть (почти 80 процентов) нашего педагогического коллектива составляют профессора, академики, члены-корреспонденты, заведующие кафедрами, ведущие доценты.

В значительной степени качество обучения и, соответственно, знаний обеспечивает индивидуальный подход к слушателям курсов повышения квалификации. Составляется индивидуальный план в объеме 144 часов, назначается научный руководитель или консультант, осуществляющий научное руководство в соответствии с рабочей программой, рассчитанной на 14 часов. У преподавателя ИПК одновременно может быть не более двух слушателей. Созданы все условия для индивидуальной подготовки, предоставлена возможность заниматься в наших научных лабораториях, можно воспользоваться нашими методическими разработками при написании научных статей, учебных пособий, составлении конкретных учебных программ и общих курсов.

По окончании учебы слушатель сдает зачет научному руководителю, персонально закрепленному за ним, пишет отчет и получает сертификат или удостоверение, подтверждающие прохождение курсов повышения квалификации.

Вообще, мы очень внимательны к своим подопечным, прислушиваемся к их мнению и ориентируемся в своей работе, прежде всего, на научные интересы слушателя.

**– СУЛТАН ТУЛЕУХАНОВИЧ, ПРОШЛО СОВСЕМ НЕМНОГО ВРЕМЕНИ С МОМЕНТА НАЧАЛА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИПК, НО, НАВЕРНОЕ, УЖЕ ЕСТЬ КАКИЕ-ТО РЕЗУЛЬТАТЫ?**

– На сегодняшний день ИПК осуществляет подготовку уже третьего набора слушателей по 38 естественнонаучным, гуманитарным, социально-экономическим и междисциплинарным специальностям.

Хочу отметить позитивную тенденцию к росту желающих повысить свою квалификацию именно в нашем университете, причем основная часть – из других вузов республики. Так, первый набор, осуществленный в сентябре, составил 11 человек, второй – 130 (в их числе 57 преподавателей КазНУ), в третьем – 178 слушателей (54 человека из КазНУ). Всего за это время курсы повышения квалификации прошли 114 преподавателей КазНУ и 205 слушателей из вузов Алматы, Атырау, Актау, Павлодара, Шымкента, Уральска, Караганды и других городов. Иногородние слушатели проживают в общежитии университета (стоимость – 1500 тенге в месяц).

Слушателями наших курсов могут стать все, кто желает повысить свой профессиональный уровень, независимо от формы собственности и статуса представляемого вуза. Кроме того, мы можем организовать курсы повышения квалификации для сотрудников научно-исследовательских институтов системы Академии наук, для других предприятий и организаций. Например, руководство ОАО "Банк ТуранАлем" обратилось к нам с просьбой провести 4 месячных курса повышения квалификации для своих работников. Но в первую очередь, конечно, наш ИПК – для специалистов учреждений образования.

В заключение хотелось бы отметить, что коллектив ИПК продолжает поиск эффективных форм и методов проведения занятий, мы нацелены на дальнейшее развитие индивидуального обучения, усиление практической направленности учебного процесса в соответствии с конкретными задачами учреждения. Несомненно также, что следует развивать формы связи с заказчиками, совершенствовать виды и формы образовательных услуг и сотрудничества с партнерами в вопросах повышения квалификации работников высшей школы.

**САГЫМБАЕВА Майра,**
**САДЫКОВА Найля**

## Ассоциация выпускников

19 ноября 2002 года состоялась встреча проректора по языкам и воспитательной работе, вице-президента Ассоциации выпускников КазНУ «Шамшырақ» Омашева Н.О. с президентом юридической фирмы «Grata», выпускником нашего университета г-ном Байгабуловым Т.Г. На встрече были обсуждены конкретные формы делового сотрудничества с alma mater. Результатом встречи стало соглашение об учреждении 2 ежегодных именных стипендий и денежных премий за лучшую дипломную и курсовую работы для студентов юридического факультета и факультета международных отношений (специальность «международное право»).

*Пресс-служба*



**Т.Г. БАЙГАБУЛОВ, президент юридической фирмы «Grata», выпускник нашего университета**

## *Уважаемые студенты 3-4 курсов юридического факультета и факультета международных отношений!*

***Ассоциация выпускников КазНУ им. аль-Фараби «Шамшырақ» приглашает Вас на презентацию юридической фирмы «Grata», президентом которой является выпускник юридического факультета Казахского национального университета Тлек Гусманович Байгабулов.***

***Фирма выполняет задачи любой сложности, оказывает юридические, налоговые и другие консультационные услуги.***

***«Grata» является консультантом Министерства природных ресурсов и охраны окружающей среды Республики Казахстан, Комитета по атомной энергии РК и Агентства РК по инвестициям.***

**Встреча состоится 28 ноября 2002 г. на юридическом факультете в зале № 4, в 13.00 ч.**

## *Год здоровья*

# О вреде курения

Нередко можно слышать, как девушки или молодые женщины уверенно утверждают: "Курение женщины и здоровье детей? Ничего страшного, многие курят и имеют здоровых детей." Такое легкомысленное поведение является преступлением, если курящая женщина ожидает ребенка.

**И действительно, основные органы и системы будущего человека формируются в первые 12 недель беременности. Курящая женщина, еще не зная, что станет матерью в ближайшее время, может причинить здоровью будущего ребенка огромный вред.**

**Доказано, что никотин из крови матери попадает в кровь плода, сужая кровеносные сосуды, и резко ухудшает его питание.**

**И что характерно, в крови курящей женщины никотина оказывается значительно меньше, чем в крови будущего ребенка.**

**При курении в кровь попадает большое количество угарного газа, который, соединяясь с гемоглобином, образует карбоксигемоглобин – стойкое соединение, не способное переносить кислород к органам и тканям.**

**А если курит будущая мама? Это приводит к хроническому кислородному голоданию плода и более чем на 50% увеличивает смертность новорожденных, способствует выкидышам. Поскольку печень плода еще функционально не сформирована, она не обезвреживает токсические продукты, не разрушает их, и зарождающийся организм работает, как аккумулятор ядов табака, которые поставляет ему курящая мама.**

**На этой почве нередко развивается тяжелое заболевание – ЭКЛАМПСИЯ, часты случаи умственной, физической отсталости новорожденного, недоразвития его внутренних органов – сердца, мозга, печени, легких, кровеносной системы, а также различные уродства, преждевременные роды.**

**Курящим девушкам и юношам следует задуматься, каким будет их потомство.**

**У курящей кормящей матери в одном литре грудного молока содержится до 0,5 шт. никотина, молоко имеет неприятный запах и вкус, поэтому ребенок часто отказывается от груди или вяло сосет, молоко преждевременно пропадает.**

**Курящая мать – это преступление.**

**Курение влияет и на способность женщины быть матерью.**

**Каждая женщина – будущая мать и должна отдавать себе отчет, на какой риск она идет, легкомысленно поддаваясь моде. Если бы ваш малыш понимал, что скрывается за дымом сигареты, он бы тоже попросил: "НЕ КУРИ, МАМА!"**

**Шара ЕЛЕМЕС, врач-гинеколог гор. поликлиники №5**



## САУАП

Бұл өмірде шаттан мейлі, қиналғын,
Жұма сайын мешіт жаққа жиналғын.
Құран тыңда, уағыз есті, намаз біл,
Әрқашанда тек сауапты жинағын.

Сауап сені қиындықта арқалар,
Сауап сені жұмаққа да апарар.
Келе жатса жетпіс пәле басыңа
Бір-ақ сауап соның бәрін қайтарар.

Ендеше дос, жинап баққын сауапты,
Болғын ылғи әр ісіңе жауапты.
Қуансаң да, күйінсең де ұмытпа,
Жаратушың, раббыңды - Аллаһты!

Әзімбек ҚОҚАНБАЙҰЛЫ, *ұстаз*



## ТАБИҒАТТЫ АЯЛАЙЫҚ

Тән қасиет танытып бақ мәрт елге,
Жер-Ананы құлазытпай, көркемде!
Табиғатқа қамқор көзбен қарайық,
Ей, адамзат, өмір сыйлап ертеңге!

Баяғыдай шаттық бөсең даламда,
Бір ащы шер қозғау салды санамда.
Жерің, суың, ауасымен жоғалтып,
Қарыздар боп ұрпағыма қалам ба?

Табиғатпен сырласу ғой шын бақыт,
Сөз айтамын құлақтыға тыңдатып,
Болашаққа қайсы бетпен караймыз,
Арал теңіз, Балхаш көлім құрғатып.

Нұрғиза МЫҢБАЕВА, *жетекші инженер*



## АНА

Аналарсыз қараңғы бұл өмірің,
Жас жұмасын ешқашан гүл өңірін.
Тағдырының тілейік түңщылығын,
Ауырлықтан талмауын білегінің.

Бақыт тіле анаңа, жаңылмайсың,
Жақсы ниет бойыңа қабылдайсың.
Түн ұйқысын төрт бөлер бір сен үшін,
Мұндай бақыт өмірде таба алмайсың.

Нәр берген қысы-жазы, көктем-күзде,
Ана еңбегін шығармай естен біз де.
Әрқашан аялайық, ардақтайық,
Ашық күндей шуағын төккен бізге.

Ардақ ҚҰЛЖАНОВА, *студент*



## ЖҮРЕК СЫРЫ

Күлсін мейлі менің балаң жырыма,
Үңілемін сиқырлы әлем сырына.
Бақыттымын,шабыттымын бүгінде,
Бастағалы поэзияны шын ұға.

Ұнамасын, мейлі ұнасын біреуге,
Оған бола уақыт жоқ қой жүдеуге.
Толқынында өмір атты теңіздің,
Жырым ғана келетіндей тіреуге.

Серік болып тәтті әсер, адал мұң,
Сөз арқылы сан жыртыққа жамалдым,
Тамырым бар жарып шығар жүректі,
Таға алмайды ешбір пенде маған мін.

Ой құрауда осалдығым бар шығар,
Бірақ, бірақ шабыт аман қамшылар.
Әділдікке қорған болам өлеңде,
Сенім кетіп, жағдайым жоқ тартынар.

Кешегі өткен дарындарды үлгі ғып,
Бүгінменен алыстайды шын күдік.
Адам бола бастағаным сияқты,
Ақын бола бастаған да бір қызық.

Құралай ӘБДІМАНАП, *студент*



## ҰСТАЗЫМ

Сәлем сізге, ұлы еңбекті мұғалім,
Еңбегіңмен өркен жайды құрағың.
Биік тұлғаң көкейімнен кетпейді,
Әрқашанда есіме алып тұрамын.

Осы өлеңім сізге арнар алғысым,
Ұрпақ үшін қанатыңыз талды шын.
Орныңызды ешқашанда баса алмас,
Берсе-дағы жер шарының жармысын.

Өзіңізсіз жылулықтың бұлағы,
Адамшылық деген шыңның құзары.
Бойыңыздан мен мұндалап тұрады,
Қазақ деген қасиеттің тұмары.

Қажырлы да қарапайым кәделі,
Талабымның талдырмайтын демеуі.
Атақ, мансап, әшекейлі заттардың,
Сіз үшін жоқ бес теңгелік керегі.

Қажыбек ӘШІМҰЛЫ, *студент*

13 қараша күні ҚазҰУ-дың химия факультетінде «Шабыт» - әдеби-сырласу клубының тұсаукесер рәсімі болып өтті. Кештің бұл жолғы алдына қойған мақсаты - тек қана гуманитарлық сала ғана емес, жаратылыстану мамандығы төңірегіндегі өлеңге, сөз өнеріне құштар қызметкерлер мен тәлім алып жатқан студент жастардың бойларындағы үкілеген үміттерінің желбіреп, балапан армандарының құлашын кең жаюына сеп болу, ұлы мәртебелі поэзияға деген ішкі сүйіспеншілік сезімдерін жария етуге қолдау көрсету болып табылады.



Ақын Б. Жақыптың өлең оқып тұрған сәті

# Химиктерде өткен әдеби кеш

Осынау жыр құмар жандарға арналған жарасымды кешті ұйымдастырған, меже тұтқан мақсатты ойдағыдай жүзеге асыруна аянбай ат салысқан химия факультетінің деканы профессор Жарылқасын Әбіловтің, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары доцент Ермек Әубәкіровтің және Ғылыми кітапхананың көпшілікпен жұмыс жүргізу бөлімінің қызметкері Нәзипа Малдыбаеваның есімдерін ілтипатпен атай кеткен лəзім. Кештің құрметті қонақтары ретінде белгілі ақын, мемлекеттік «Дарынң сыйлығының лауреаты, журналистика факультетінің деканы Бауыржан Жақып, осы факультеттің оқытушысы, ақын Алмас Ахметбекұлы, химия факультетінің оқытушысы Әзімбек Қоқанбайұлы, жетекші инженер Нұрғиза Мыңбаева және журналистика факультетінің студенті Торғын Тұрлыбаевалар қатысып, жиналған студент жастарға өз өлеңдерін оқыды, тәлім-тәрбиелік мәні бар қызғылықты әңгімелер айтып берді. Сондай-ақ, сырласу кеші барысында химия факультетінің өлең жазатын студенттері Ардақ Құлжанова, Құралай Әбдіманап, Қажыбек Әшімұлы, т.б. балауса жырларын шабыттана оқыды. Кешті Ермек Әубәкіров жүргізіп отырды. Кеш соңында ақын Б.Жақып жаратылыстану факультетінде өтіп отырған мұндай оң



Ізгі шараның жанашыры Н. Малдыбаева

бастамаға үлкен ризалық сезімін арнап, тәрбиелік, тағылымдық мәні зор игі шараның алдағы уақыттарда да жалғасын таба беруіне ізгі тілегін білдіріп, өлең оқыған, мәдени шараның ойдағыдай өтуіне ықпал еткен жандарға естелік кітаптар сыйға тартты. Сонымен қатар келесі осындай кештің журналистика факультетінде өтетінін хабарлап, жиналған қауымды сол кешке қонаққа шақырды. Жаратылыстану факультетінде өтіп отырған мұндай игі шараның барысында өлең-



жырға құштарлық ұлтымыздың табиғатымен біте қайнасқан рухани құндылық екенін аңғардық. Мейлі, ол жан қандай мамандық иесі болса да қанында бар қасиетке селсоқ қарауы мүмкін емес екен. Тек бұлақ көзін түртіп ашып, қозғау салу ғана жетіспей тұрыпты. Біз бүгінгі ізгі бастаманың өзге факультетерде де жалғасын табарына нық сеніп, жыр құмар жандардың мейірін қандырар ағысын тапқан арнаның басы деп білдік.

Енді осынау әдеби-сырласу кешінде оқылған өлеңдердің бірсыпырасын назарларыңызға ұсынып отырмыз. Өлең авторлары әдебиет ауылынан алыстау жаратылыстану саласының мамандары болғандықтан шығармашылықтарындағы кейбір олқы, кемшіндеу түсіп жатқан тұстарға кешіріммен қарауды жөн көрдік.

***Жаратылыстану факультетінде өтіп отырған мұндай игі шараның барысында өлең-жырға құштарлық ұлтымыздың табиғатымен біте қайнасқан рухани құндылық екенін аңғардық. Мейлі, ол жан қандай мамандық иесі болса да қанында бар қасиетке селсоқ қарауы мүмкін емес екен. Тек бұлақ көзін түртіп ашып, қозғау салу ғана жетіспей тұрыпты. Біз бүгінгі ізгі бастаманың өзге факультетерде де жалғасын табарына нық сеніп, жыр құмар жандардың мейірін қандырар ағысын тапқан арнаның басы деп білдік.***

**С. ЖАНИҰЛЫ**



Жарыс

# СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ



Бұрыннан ғылым мен білімнің ордасы саналатын әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Денсаулық жылына" орай тағы да жаңа бастаманың жаршысы болды.



15-17 қараша күндері әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен Алматы қаласы бойынша жоғарғы оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамы, аспиранттары мен қызметкерлері арасында спорттың бес түрінен (мини-футбол, шахмат, волейбол, үстел теннисі, бадминтон) жарыс болып өтті. Жарысқа әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университеті, Асфендияров атындағы Алматы медицина университеті, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университеті, Жоғарғы аттестациялық комитеттің командалары қатысты. Жарыстың басталуына арналған салтанатты жиынды ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор А.И.Купчишин мен "Парасат" кәсіподағының төрайымы М.Т.Мұқашева құттықтау сөзбен ашып, жарысқа қатысушы әрбір командаға жеңіс тіледі. Бұл жарысқа профессорлар мен оқытушылар құрамы ерекше белсенділікпен, ұйымшылдықпен араласты, жарыс барынша қызу, тартысты өтті. Осы жолғы жарыстың мақсаты – қаладағы жоғары оқу орындары арасында өзара байланыс орнату, осы оқу орындарындағы профессор-оқытушылар құрамы, аспиранттар мен қызметкерлердің денсаулығын нығайту, олардың арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады.

Жарыс қорытындысы бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті – 1 орынды, Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ - 2 орынды, Жоғарғы аттестациялық комитет - 3 орынды, Асфендияров атындағы Алматы ұлттық медициналық университет – 4 орынды, Абай атындағы Алматы мемлекеттік университет – 5 орынды иеленді.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-де университет ректоры, профессор Т.Ә.Қожамқұловтың қолдауымен, "Парасат" кәсіподағының ұйымдастыруымен "Денсаулық жылына" орайластырылған осындай шаралар жиі өтіп тұрады. Жақында ғана студенттерді жұқпалы аурулардан, зиянды әдеттерден қорғау мақсатында қаладағы ауруханалардың бас дәрігерлері, салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында жұмыс жасайтын арнайы мамандардың қатысуымен дөңгелек үстел ұйымдастырылған болатын. Кейіннен "Репродуктивті денсаулық - ұлт болашағы" деген тақырыпта студенттер мен мамандарды қатыстыра отырып, жастардың денсаулықтары, өмір салты туралы конференция өткізілді.

Осындай мақсаттарды жұмысының негізгі бағыттарының біріне айналдырған "Парасат" кәсіподағы бұдан былай да университетте салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытындағы игі шараларды жалғастыра бермек.

**Ғалия АҚСЕЙІТ,**
**ҚазҰУ-дың Баспасөз қызметі**

Қамқорлық

# "Сұңқар" - студент қорғаны



Лаура ҚАЙЫПОВА,
"Сұңқар" студенттер кәсіподағының төрайымы

Университетімізде тәлім алып жатқан студенттердің бүгінгі хал-жағдайымен толығырақ танысу мақсатында олардың мұң-мұқтажымен тікелей айналысатын қоғамдық ұйымның төрайымы, халықаралық қатынастар факультетінің 4 курс студенті Қайыпова Лаураға жолыққан едік.

- Әр түрлі мәселелерге шешу іздеген студенттерге есігіміз ашық. Жылы жүзбен қарсы алып, қолымыздан келген жәрдемімізді аямаймыз, өйткені "Сұңқар" студенттер кәсіподақ ұйымы Қазақ ұлттық университетінің студенттері үшін жұмыс жасайды, — деп бастады ол өз әңгімесін.

- әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі студенттердің кәсіподағы 1999 жылы 28 мамырда республикалық заңды тұлға ретінде құрылып, дербес ұжымдық ұйым "Сұңқар" деп аталған. Содан бастап штаттық кесте негізінде барлық жұмысты студенттер атқарады.

Университетте 14 мыңнан астам студент бар. Әр студент университет табалдырығын аттаған күннен "Сұңқар" студенттер кәсіподағымен тығыз байланыста болады. Өйткені, студенттердің жатақхана мәселесі, басқа да мұң-мұқтажын шешетін "Сұңқар" студенттер кәсіподақ ұйымы. Ол әр факультеттің декандары және деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларымен тікелей жұмыс жасайды. Университеттің 13 факультетінде кәсіподақтың жауапты өкілдері яғни, факультеттің кәсіптік бюросының төрағасы тағайындалған. Олар "Сұңқар" студенттер кәсіподағының белсенді тобы ретінде апта сайын өтетін жиналыста өз факультеттерінің студенттерінің берген өтініш, шағымдарын талқыға салып, әлеуметтік жағдайын қарастырады. Кәсіподақ жиналысына түскен бір де бір шағым, өтініш жауапсыз қалған емес.

"Сұңқар" студенттер кәсіподағының негізгі қаржы көзі — грант иегері студенттердің шәкіртақысының бір пайызы. Кәсіподақтың банкте жеке есеп-шоты ашылған.

"Сұңқар" студенттер кәсіподағының атқаратын қызметінің негізі — студенттерді әлеуметтік қамсыздандыру, олардың құқықтарын қорғау, яғни, жеке бастық құқығына қол сұғушылыққа жол бермеу, студенттердің толыққанды білім алуына жан-жақты жағдай жасау. Сонымен қатар оқу жылы барысында өткізілетін барлық мәдени іс-шараларды әкімшілікпен бірлесе отырып жүзеге асырады.

Студенттердің әлеуметтік қамсыздандыруына тоқталып өтетін болсақ, соңғы 2000-2001, 2001-2002 оқу жылдарында мәдени шараларды қоспағанда, тек қана студенттерге әлеуметтік көмек ретінде 183550 теңге әр студентке 1500 теңге көлемінде берілген. *Студенттерге бөлінетін әлеуметтік көмек түрлеріне мыналар жатады:*

— ата-анасы жоқ, ата-ананың біреуі қайтыс болған;
— ауруханаға түсіп, жедел көмек қажет ететін;
— сәбилі болған отбасылы студенттер;
— мүгедек студенттер.

Сонымен қатар студенттердің құқық қорғау ұйымына әлеуметтік көмек ретінде ай сайын 4000 теңге бөлінеді. 2001-2002 оқу жылында әлеуметтік көмектің көлемі әр адамға 2000 теңгеге дейін көтерілді.

Ал, "Сұңқар" студенттер кәсіподағының мәдени шараларға қосқан материалдық үлесін — бөлінген 103167 теңге қаржыдан көруге болады.

*Мәдени шаралар тізбегіне:*

— факультетте, жатақханада өткізілетін барлық мерекелік шаралар;
— "Бәрекелді" әзілкештер сайысы;
— ақындар айтысы;
— пікірсайыс, жоғары оқу орындары арасындағы конкурстар;
— Қаскелең, Бағанашыл балалар үйін қамқорлыққа алу;
— Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына байланысты өткізілген мәдени шара және т.б. кіреді.

Университет әкімшілігінің көмегімен және қызметкерлердің "Парасат" кәсіподағымен бірлесе отырып жыл сайын студенттерге Ыстықкөл жағажайындағы ҚазҰУ-дың спорттық-сауықтыру демалыс лагеріне (2000-2001 оқу жылы 180, 2001-2002 оқу жылына 150 жолдама) 50 пайызға арзандатылған 10 күндік жолдамалар бөлінді.

*"Сұңқар" студенттер кәсіподағы Қазақ ұлттық университетінің әкімшілігімен бірігіп бірнеше жастардың мынадай мерекелік шараларына:*

1. 19 мамыр "Жастар шылым шегу, ішімдікке әуестену, СПИД/ВИЧ-ке және нашақорлыққа қарсы" атты республикалық форумына;
2. "Парасат" қызметкерлер кәсіподағының ұйымдастыруымен өткен "Репродуктивное здоровье — будущее нации" дөңгелек үстеліне;
3. 3-4 қазанда өткен "Мен - ҚазҰУ студентімін!" атты 1 курс студенттерін ҚазҰУ студенттері қатарына қабылдау мерекесінде қоғамдық ұйымдардың өздерін таныстыру шарасына (студенттер кәсіподағын таныстыратын стенд);
4. 6 қазан Қала күніне арналған жастар шеруіне;
5. 25 қазан республика күніне арналған алаңда Қазақстан Республикасы Президентінің жастармен кездесуіне;
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылды "Денсаулық жылы" деп жариялауына байланысты 8 қараша күні университет көлемінде Әлеуметтік бөлімнің ұйымдастыруымен өткен студенттердің "Салауатты өмір салтын сақтаудың өзекті мәселелері" атты конференцияға;
7. 9 қарашада "Отан" партиясының ұйымдастыруымен өткен Қазақстан жастарының Елбасымен кездесуіне қатынасты.

*Біздің алға қойған жоспарымыз:*

1. 1 желтоқсанда өтетін "Орталық Азия елдеріндегі СПИД" атты Республикалық жастар форумына қатынасу.
2. "Қазақ ұлттық университетінің студенттері СПИД-ке қарсы!" атты 11 желтоқсанда фестиваль ұйымдастыру.
3. Университет жастарын қаланың мәдени өмірімен таныстыру негізінде М.Әуезов атындағы драма театры, Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театры және Балалар мен жасөспірімдер театрларымен бірлесе отырып, аталған театрлардың қойылымдарына билеттерді студенттерге арзан бағамен үлестіру.

Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА

"Отандастарға" - 1 жыл

2002 жылы 18 қараша күні филология факультетінің 302 аудиториясында "Отандастар" қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубының 1 жылдығына арналған салтанатты кеш өтті. ҚР әнұранымен басталған кешті клуб президенті, 4 курс студенті Меруерт Өскенбаева жүргізді. 1 жасқа толған "Отандастардың„ тұсауын факультет деканы, ф.ғ.д., профессор Қансейіт Әбдезұлы өз қолымен кесіп, тілек-батасын берді.

# РУХАНИ БІРЛЕСТІКТЕГІ СЕРПІН



Кеш бағдарламасы өте қызықты да мазмұнды құрылған. Клуб мүшелері - әдеби шығармашылық бөлімінің 4 курс студенттері 1 жыл бойына атқарған жұмыстарынан үзінділер келтіріп, көрнекі түрде есеп берді, Клубтың тіл үйрену сабақтарынан, сондай-ақ, "Қазақша сөйлесейік", "Сөзбен емдеу" акцияларынан көріністер, топтық жарыс түріндегі грамматикалық ойындар көрсетілді.

Біз алғаш бұл клубпен Студенттер сарайындағы ҚазҰУ-дағы студенттердің қоғамдық ұйымдарының көрмесінде танысқан едік, оның "Тарлан" жастардың ғылыми-мәдени орталығына кіретінін білгенбіз. Осы орталықта бірлесіп жұмыс істейтін "Ұстаз", "Рух", т.б. клубтарының мүшелері "Отандастарды" 1 жасымен құттықтап, ән-тартуларын сыйлады.

Біз осы клуб туралы кеңірек білу үшін "Отандастардың ғылыми жетекшісі, әдеби шығармашылық және көркем аударма теориясы кафедрасының аға оқытушысы Мұсалы Ләйла Жұматайқызымен сөйлескен едік: "Қазақ тіліндегі қарым-қатынас клубы 2001 жылдың қазан айынан бастап құрылды. Басты мақсаты - мемлекеттік тілді насихаттау және бұл іске жас буынды тарту.Бұл мақсаттан туындайтын міндеттеріміз көп-ақ: ең алдымен, ана тілде сөйлеу-сөйлесу тәжірибелерін жетілдіру, тілдің қарым-қатынастық қызметін күшейту, таза қазақ тілінде ғылыми семинарлар, диспуттар, т.б. тіл тазалығы жолында түрлі шаралар, акциялар өткізу, жастардың қарым-қатынас және сөйлеу мәдениетін көтеру, т.б. Жастардың рухани талап-тілегін, мүддесін ескере отырып, клуб формасын таңдадық. Біздің девиз: "Тауларды аласартпай, даланы асқақтатайық!". "Отандастар" деп атау арқылы жастарымыз "Отан" атты қасиетті сөздің жылуы мен салмағын әрқашан сезінсе, әрі көп ұлтты Отанымызда әр адамда отаншылдық сезімді жетілдірсек дейміз. 1 жыл ішінде көптеген игі шаралар атқардық. Алдағы жоспарымызда семинарлар, диспут, кездесулер, "Таза сөйлеу", "Тәрбие басы - әдеп" акциясы, т.б. шаралар бар.

Бұл кеш біз үшін рухани демалыс болды. "Отандастар" клубы мүшелері сенбі күндері 12.00-де, сейсенбі күні сағат 17.00-де жиналады және студенттерді асыға күтеді.

БӘЙТІКОВА Назгүл, филология факультетінің 3 курс студенті

